



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде  
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған  
«Бір халық – бір мүдде!» республикалық интернет-байқауын  
қашықтықтан өткізу ережелері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Бір халық – бір мүдде!»** республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізу ережелері Байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: балалардың бойында қазақстандық патриотизмді және әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру, дарынды балаларды анықтауға және қолдау жасау.

3. Міндеттері:

зияткерлік әлеуетін дамыту және ынталандыру;

қазақстандық патриотизм, өз елі үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

табысқа жету уәждемесін қалыптастыру;

балаларды көркемдік шығармашылықпен айналысуға тарту.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

### **2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

6. Байқау **2017 жылғы 23 тамыз – 30 қараша** аралығында балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) **ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ** сайтында қашықтықтан өткізіледі. Байқау жұмыстары **2017 жылғы 20-қарашаға дейін** қабылданады. **2017 жылғы 20 қарашадан кейін** түскен, сондай-ақ, талаптарға сәйкес келмейтін Байқау материалдары қарастырылмайды.

7. Байқауға қатысу үшін [konkurs.elbasy@mail.ru](mailto:konkurs.elbasy@mail.ru) электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

1) төменде берілген үлгіге сәйкес өтінімді;

Қатысушының аты-жөні	Қатысушының жасы	Облысы, қала, аудан, ауыл	Білім беру ұйымының атауы	Байқаудың, номинациясының, жұмыстың атауы	Жетекшісінің аты-жөні	Байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)
1	2	3	4	5	6	7

2) сканерден өткізілген төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);

3) электронды түрде байқау жұмысын.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 249 306 («Бір халық – бір мүдде!» байқауы).

8. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ918560000005068448

БИК KСJВKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Бір халық – бір мүдде!» байқауы.

10. Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2017 жылғы 30 қарашада** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

### 3. Байқау талаптары

11. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 4-17 жас аралығындағы білім алушылары қатысады.

Байқау келесі жас санаттары бойынша жүргізіледі:

1) 4-6 жас;

2) 7-10 жас;

3) 11-14 жас;

4) 15-17 жас.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

### 1. «Эссе» номинациясы.

Қатысушылар қазақ немесе орыс тілінде жазылған эссе жанрындағы жұмыстарын ұсынады. **Болжамды тақырыптар:** «Елбасы – ел тірегі», «Менің атым Нұрсұлтан», «Елбасыға хат», «Егер де мен Елбасы болсам...», және басқа.

Ресімдеуге қойылатын талаптар. Жұмыс Word мәтіндік редакторінде орындалуы тиіс. Қаріпі – Times New Roman. Қаріп өлшемі – 14. Жоларалық интервал – бірыңғай. Жұмыс көлемі А-4 пішіміндегі 1 беттен аспауы тиіс.

#### Жұмысты бағалау өлшемдері:

аталған байқаудың мақсаты мен номинациясына сәйкестігі;  
тақырыптың толық ашылуы;  
нақты материалды білуі;  
байқау жұмысын сауатты және эстетикалық орындауы;  
сөздерінің нақтылығы және мәнерлілігі.

### 2. «Сурет» номинациясы.

Байқауға кез-келген техникада (қарындаш, түсті қарындаш, пастель, тушь, акварель, гуашь, май және т.б.) орындалған суреттердің фотосуреттері ұсынылады. **Болжамды тақырыптар:** «Біздің Президенттің туған өлкесі», «Президентпен бірге болашағы мықты Қазақстан үшін», «Балалық шағымның аспаны» (фильм материалдары бойынша), «Президентке сыйлық», «Астана және Президент» және т.б.

Ресімдеуге қойылатын талаптар. Байқауға ұсынылатын жұмыстар суретке түсіріліп, JPEG немесе BMP пішімінде электронды түрде жіберілуі керек. Графикалық файлдың көлемі 3 мегабайттан аспауы тиіс.

#### Байқау материалдарын бағалау өлшемдері:

көркемдік сипаттамалары (идеясы, композициясы, түстік шешімі және т.б.);

композициясы;  
көркемдік талғамы, ерекшелігі;  
таңдаған техникасын игеру деңгейі;  
суреттің орындалу сапасы және ұқыптылығы.

### 3. «Презентация» номинациясы.

Презентации Power Point бағдарламасында орындалатындықтан материалдарды визуалдаудың түрлі тәсілдеріне ерекше көңіл бөлу керек (фотосуреттер, суреттер және т.б.). Презентацияның көлемі 10 слайдтан аспауы тиіс. **Болжамды тақырыптар:** «Біздің Президент. Саяси шыңы», «Президенттің өмірбаяны», «Болашаққа Президентпен», «Президенттің жолы», «Қазақстан Республикасының Президентінің еңбектері», «Президенттің еңбек жолы», «Президенттің өмір асулары», «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі және т.б.

#### Жұмысты бағалау өлшемдері:

презентация мазмұнының аталған тақырыпқа сәйкестігі;  
идеясының ерекшелігі;  
ресімделуі, дизайны және техникалық орындалуы;

байқау материалдарының әдебиет тілінің ережелері мен нормаларына сәйкестігі.

Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады.

13. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

14. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

#### **4. Байқауды қорытындылау**

15. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 306 («Бір халық – бір мүдде!» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Бастапқы бет → Республикалық іс-шаралар → «Бір халық – бір мүдде!» байқауы → әрі қарай).